АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА
«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша

Федоровка ауылы **2026 жылғы 19 маусым**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – Талдау) «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметі болып табылады.

Талдау Федоров ауданы әкімі аппараты басшысының 2026 жылғы 4 мамырдағы № 36 бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2026 жылғы 20 мамырдан 19 маусымға дейін.

Талдаумен «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметінің 2025 жылғы II жартыжылдығы және 2026 жылғы I жартыжылдығы қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдауды мынадай құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Баймурзина Сауле Арстановна – Федоров ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы;

Бочкарев Владимир Сергеевич – құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысының міндетін атқарушы, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы;

Кизима Василий Владимирович – персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы;

Кулбулова Татьяна Вадимовна – қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы;

Куанышкалиев Айдос Галиаскарович – ұйымдастыру-бақылау қызметі бөлімінің басшысы;

Недбайло Ольга Григорьевна – заң бөлімінің басшысының міндетін атқарушы, бас маман;

Умертаева Гульшат Бекболатовна – мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мониторингтеу және ақпараттық технологиялар жөніндегі ішкі бақылау қызметінің басшысы;

Шашков Александр Георгиевич – терроризмнің алдын алу, жұмылдыру дайындығы, төтенше жағдайлар, азаматтық және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы.

1. Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты – «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және сыбайлас жемқорлықты жою.

Талдаудың міндеті – «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою.

2. Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып мыналар табылады:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік;

3) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелеріндегі талдау объектісінің қызметі туралы деректер;

4) мемлекеттік органдардың талдау объектісіне қатысты бұрын жүргізген тексерулерінің нәтижелері;

5) ішкі бақылау қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықталуы және жауаптылыққа тартылуы туралы мәліметтер;

10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;

11) талдау объектісінің қызметшілері мен жұмыскерлеріне жүргізілген сауалнама (сұхбат) нәтижелері;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Нормативтік база: әкім аппараты өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Президенттің, Үкіметтің актілерін, Қостанай облысы әкімдігінің қаулыларын, Қостанай облысы әкімінің шешімдерін, Федоров ауданы әкімдігінің қаулыларын, Федоров ауданы әкімінің шешімдерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Мекеменің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді талдау қорытындысы бойынша қайшылықтар, олқылықтар, дискрециялық өкілеттіктер және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Ішкі құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау: «Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы ереже, лауазымдық нұсқаулықтар, бұйрықтар.

Қызметті реттейтін ішкі құжаттарды талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарды айқындау

Мемлекеттік қызмет: штат саны – 25 адам, нақты саны – 22 адам, бос орындар – 3 (аудан әкімінің көмекшісі, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мониторингтеу және ақпараттық технологиялар жөніндегі ішкі бақылау қызметінің жетекші маманы).

Тәртіптік практика

Талданатын кезеңде жүктелген міндеттерді адал орындамағаны үшін 4 тәртіптік жаза қолданылды.

Тәртіптік жазаларды мерзімінен бұрын алып тастау қолданылған жоқ. Қолданыстағы тәртіптік жазасы алынбаған қызметкерлерді көтермелеу фактілері болған жоқ.

Талданатын кезеңде 6 мемлекеттік қызметші жол жүрісі қағидаларын, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы талаптарды бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған.

Еңбек тәртібін бұзу фактілері болған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге қатысты жағымсыз ақпарат жарияланған жоқ.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Талдау барысында жұмысқа қабылданған қызметкерлер арасында аффилиирлену фактілері, сондай-ақ мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөніндегі шаралар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу шараларын қабылдауға және лауазымдық міндеттерін объективті орындауына әсер етуі мүмкін туындаған мән-жайлар туралы басшылықты уақтылы хабардар етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында олардың лауазымдық құқықтары мен міндеттері толық көрсетілген, қызметкерлер міндеттерінің қайталану фактілері жоқ.

Бөлім қызметкерлеріне еңбек демалыстары бекітілген кестеге сәйкес және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қатаң сәйкестікте беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мониторингтеу және ақпараттық технологиялар жөніндегі ішкі бақылау қызметі әкімдік бөлімдерінен өткен айдағы мемлекеттік органның мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметі туралы есептерді бекітілген нысандарға сәйкес жинауды жүзеге асырады.

Талданатын кезеңде ауданның мемлекеттік мекемелері 2 675 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы – 129 қызмет (4,8%), «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы – 2 488 қызмет (93%), жергілікті атқарушы органдар арқылы – 58 қызмет (2,1%).

Мемлекеттік қызметтер Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына, сондай-ақ жер қатынастары және әскери есепке алу салаларындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес көрсетіледі.

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі әскери есепке алу саласында мемлекеттік қызметтің 2 түрін көрсетеді:

1) «Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну»;

2) «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату».

Талданатын кезеңде қызмет көрсетуге өтініштердің болмауына байланысты аудан аппараты аталған мемлекеттік қызметтерді көрсеткен жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысты шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

«Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» және **«Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату»** мемлекеттік қызметтері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға сәйкес көрсетіледі. Қағидаларға сәйкес бұл қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес шешімді сыртқы келісу нәтижелеріне қарамастан шақыру комиссиясының төрағасы қабылдайды.

Негіздеме:

Мұндай тәртіп кезінде түпкілікті шешімнің уәкілетті органның қорытындысына нақты тәуелділігі болмайды. Бұл шешімді субъективті қабылдау, келісу нәтижелерін елемеу не жеткілікті құжаттық негіздемесіз шешім қабылдау мүмкіндігін туындатады.

Нәтижесінде жекелеген азаматтарға шақыруды кейінге қалдыруды немесе шақырудан босатуды негізсіз ұсыну, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіктерді жеке немесе өзге де мүдделі мақсаттарда пайдалану тәуекелі туындайды.

Ұсыным:

«Қостанай облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» ММ-ге «Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібін процестің қатысушылары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажырату бөлігінде жетілдіру туралы ұсыныс енгізу.

Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату үшін негіздердің бар-жоғын анықтау жауапкершілігін тиісті негіздер мен материалдарды қарау оның құзыретіне кіретін жергілікті әскери басқару органына жүктеуді көздеу.

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **рұқсат беру және бақылау-тексеру функциялары жүзеге асырылмайды,** өйткені аталған функциялар мекеменің құзыретіне кірмейді.

Бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу:

2025 жылғы екінші жартыжылдықта барлығы 272 536,1 мың теңге бөлінді, оның ішінде:

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 259 591,1 мың теңге бөлініп, 259 589,7 мың теңге игерілді, бұл 100%-ды құрайды;

005 «Жалпыға бірдей әскери міндеттілікті орындау шеңберіндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша 11 060,7 мың теңге бөлініп, 11 060,3 мың теңге игерілді, бұл 100%-ды құрайды;

006 «Аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бағдарламасы бойынша 1 884,3 мың теңге бөлініп, 1 884,2 мың теңге игерілді, бұл 100%-ды құрайды.

2026 жылғы 1-жартыжылдықта барлығы 285 590,9 мың теңге бөлінді, оның ішінде:

001 «Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша 258 344,7 мың теңге бөлініп, 144 739,9 мың теңге игерілді, бұл 56%-ды құрайды;

003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша 7 500,0 мың теңге бөлініп, 5 121,8 мың теңге игерілді, бұл 68%-ды құрайды;

005 «Жалпыға бірдей әскери міндеттілікті орындау шеңберіндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша 16 246,2,0 мың теңге бөлініп, 6 952,9 мың теңге игерілді, бұл 42%-ды құрайды;

006 «Аудандық (облыстық маңызы бар қала) ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою» бағдарламасы бойынша 2 000,0 мың теңге бөлініп, 1 307,6 мың теңге игерілді, бұл 65%-ды құрайды;

007 «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендердегі және аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар» бағдарламасы бойынша 1 500,0 мың теңге бөлініп, 0 мың теңге игерілді, бұл 0%-ды құрайды.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу:

2025 жылғы екінші жартыжылдықта жалпы сомасы 13 399,21 мың теңгеге 46 шарт жасалды. Оның ішінде мынадай тәсілдермен жасалды:

1. Баға ұсыныстарын сұрату – 2 408,67 мың теңгеге 15 шарт;

2. Өтпей қалған сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен – 9 998,14 мың теңгеге 23 шарт;

3. Бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы – 992,32 мың теңгеге 8 шарт.

Жеткізушінің Заңның 18-бабы 4-тармағының 9) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзуына байланысты (шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді, демпингке қарсы соманы белгіленген мерзімде енгізбеу) 1 шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

2026 жылдың 6 айында жалпы сомасы 50 238,58 мың теңгеге 86 шарт жасалды. Оның ішінде мынадай тәсілдермен жасалды:

1. Баға ұсыныстарын сұрату – 9 459,35 мың теңгеге 31 шарт;

2. Өтпей қалған сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен – 18 484,82 мың теңгеге 32 шарт;

3. Бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу арқылы – 17 605,47 мың теңгеге 15 шарт;

4. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу – 2 136,6 мың теңгеге 2 шарт;

5. Ашық конкурс – 2 552,34 мың теңгеге 6 шарт.

Жеткізушінің Заңның 18-бабы 4-тармағының 9) тармақшасында көзделген шектеулерді бұзуына байланысты (шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді, демпингке қарсы соманы белгіленген мерзімде енгізбеу) 1 шарт біржақты тәртіппен бұзылды.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану:

Мемлекеттік мекемеде «Е-лицензиялау», «Е-Өтініш», «e-Qyzmet», «Документолог», АРМ ЕГКН, «iKomekshi», ЕПГО және мемлекеттік наградалар базасын қоса алғанда, ақпараттық жүйелерді пайдалану және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіледі. Техникалық сүйемелдеу мен пайдаланушыларға қолдау көрсету, есептік жазбаларды әкімшілендіру, аталған жүйелердің тиісінше жұмыс істеуін бақылау, сондай-ақ қол жеткізу құқықтарын ажыратуды, рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алуды және қызметтік ақпаратты қорғауды қоса алғанда, ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етіледі.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер:

Құжат айналымы

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде құжат айналымының бірыңғай жүйесі (ҚАЖ) енгізілген, 2026–2028 жылдарға арналған істер номенклатурасы бекітілген.

Елтаңбалы бланкілердің, мөрлер мен мөртабандардың есебі ұйымдастырылған.

Талдау қорытындысы бойынша құжат айналымында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Талданатын кезеңде жеке және заңды тұлғалардан 166 өтініш келіп түсті (2025 жылғы II жартыжылдықта – 83, 2026 жылдың 6 айында – 83).

Оның ішінде 2025 жылғы II жартыжылдықта: 47 – өтініш, 17 – өзге өтініш, 1 – шағым, 8 – ұсыныс.

83 өтініш қаралды, оның ішінде: қолайлы әкімшілік акт қабылданды – 13, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт қабылданған жоқ – 0, өтініш иесіне жауап берілді – 7, қарау тоқтатылды – 2, назарға алынды – 5, жолданды – 55.

2026 жылдың 6 айында: 54 – өтініш, 27 – өзге өтініш, 0 – шағым, 2 – ұсыныс.

Өтініштерді қарау нәтижелері: қолайлы әкімшілік акт қабылданды – 14, өтініш иесіне жауап берілді – 5, қарау тоқтатылды – 2, ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт қабылданған жоқ – 0, назарға алынды – 0, жолданды – 59.

Өтініштердің басым бөлігін тұрғын үй беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ауыл шаруашылығы, жер пайдалану, еңбек және халықты жұмыспен қамту және басқа да мәселелер құрайды.

Барлық өтініштер қаралып, олар бойынша тиісті жауаптар берілді. Қайталама өтініштер түскен жоқ. Өтініштерді қарау мерзімдерін бұзуға жол берілген жоқ.

Федоров ауданы әкімінің аппаратында 2026 жылдың 6 айында жеке және заңды тұлғаларды 11 жеке қабылдау өткізілді. 19 адам қабылданды, оның ішінде аудан әкімі – 14 адамды, аудан әкімінің орынбасарлары – 5 адамды қабылдады.

2025 жылғы II жартыжылдықта жеке және заңды тұлғаларды 15 жеке қабылдау өткізілді. 26 адам қабылданды, оның ішінде аудан әкімі – 13 адамды, аудан әкімінің орынбасарлары – 13 адамды қабылдады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері.

«Федоров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге Федоров ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы С.А. Баймурзина тартылды.

Жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес төрағасынан мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты ескертулер және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы мәліметтер түскен жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар:

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде мекемеге немесе аудан әкімі аппаратының қызметкерлеріне қатысты жағымсыз жарияланымдар фактілері анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды:

«Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметтері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға сәйкес көрсетіледі. Қағидаларға сәйкес бұл қызмет «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес шешімді сыртқы келісу нәтижелеріне қарамастан шақыру комиссиясының төрағасы қабылдайды.

Негіздеме:

Мұндай тәртіп кезінде түпкілікті шешімнің уәкілетті органның қорытындысына нақты тәуелділігі болмайды. Бұл шешімді субъективті қабылдау, келісу нәтижелерін елемеу не жеткілікті құжаттық негіздемесіз шешім қабылдау мүмкіндігін туындатады.

Нәтижесінде жекелеген азаматтарға шақыруды кейінге қалдыруды немесе шақырудан босатуды негізсіз ұсыну, сондай-ақ лауазымдық өкілеттіктерді жеке немесе өзге де мүдделі мақсаттарда пайдалану тәуекелі туындайды.

Ұсыным:

«Қостанай облысының ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы» ММ-ге «Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруды ұсыну» және «Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату» мемлекеттік қызметтерін көрсету тәртібін процестің қатысушылары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажырату бөлігінде жетілдіру туралы ұсыныс енгізу.

Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру және азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату үшін негіздердің бар-жоғын анықтау жауапкершілігін

тиісті негіздер мен материалдарды қарау оның құзыретіне кіретін жергілікті әскери басқару органына жүктеуді көздеу.

Федоров ауданы әкімінің аппаратының басшысы **А. Мырзахметова**

Жұмыс тобының мүшелері:
Федоров ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы **С. Баймурзина**

Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінің басшысының міндетін атқарушы, ұйымдастыру-бақылау жұмысы бөлімінің бас маманы **В. Бочкарев**

Персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) басшысы **В. Кизима**

Қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы **Т. Кулбулова**

Ұйымдастыру-бақылау қызметі бөлімінің басшысы **А. Куанышкалиев**

Заң бөлімінің басшысының міндетін атқарушы, бас маман **О. Недбайло**

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау, мониторингтеу және ақпараттық технологиялар жөніндегі ішкі бақылау қызметінің басшысы **Г. Умертаева**

Терроризмнің алдын алу, жұмылдыру дайындығы, төтенше жағдайлар, азаматтық және аумақтық қорғаныс бөлімінің басшысы **А. Шашков**